



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

201_ жылғы _____

№ _____

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 222 355 386 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 41 050 955 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 092 139 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 178 212 292 мың теңге;

2) шығындар – 226 855 386 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – - 4 292 093 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 5 820 897 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 10 112 990 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 207 907 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 207 907 мың теңге;

қарыздар түсімі - 5 820 897 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 5 612 990 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге;

2. 2020 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша – 35 пайыз, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50

пайыздан, Хромтау ауданына – 60 пайыз және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша - 35 пайыз, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50 пайыздан, Хромтау ауданына - 60 пайыз және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

3) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығыбойынша Ақтөбе қаласы бойынша – 100 пайыз, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50 пайыздан, Хромтау ауданына – 60 пайыз және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

4) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығыбойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджетке Мұғалжар ауданы бюджетінен бюджеттік алып қоюлардың көлемі 1 447 000 мың теңге сомасында көзделсін.

4. Қазақстан Республикасының «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 - бабына сәйкес белгіленгені назарға және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері - 42 500 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

5. Қазақстан Республикасының «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 9 - бабына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені назарға және басшылыққа алынсын.

6. Қазақстан Республикасының «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 10 - бабына сәйкес 2020 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 108 477 102 мың теңге сомасында көзделді.

7. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 39 304 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтеке би	–	4 168 000мың теңге;
Алға	–	4 609 000мың теңге;
Байғанин	–	922 000мың теңге;
Бірғыз	–	3 717 000 мың теңге;
Қарғалы	–	3 074 000мың теңге;
Мәртөк	–	4 780 000мың теңге;
Темір	–	3 036 000мың теңге;
Ойыл	–	3 865 000 мың теңге;
Қобда	–	4 138 000 мың теңге;
Хромтау	–	639 000 мың теңге;
Шалқар	–	6 356 000 мың теңге.

8. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттенағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға;

4) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосымша құн салығы шегінде бюджетке төленген қосымша құн салығының сомасын субсидиялауға;

5) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға;

6) Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар өткізуге;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

8) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

9) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

10) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

11) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

12) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

13) еңбек нарығын дамытуға;

14) мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;

15) мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбекақысын ұлғайтуға;

16) мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

17) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

18) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

19) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

20) «Жас маман» жобасы шеңберінде колледждер үшін құрал-жабдықтар сатып алуға;

21) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

22) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

23) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандары даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

24) медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізуге;

25) қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;

26) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

27) саламатты өмір салтын насихаттауға;

28) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

29) мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге;

30) «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

31) «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

32) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

33) халықтың әлеуметтік осал топтары және (немесе) аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9. 2020 жылға арналған облыстық бюджеткереспубликалық бюджеттен кредиттер түскені ескерілсін:

- 1) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;
- 2) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;
- 3) облыс орталықтарында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;

4) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге.

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

10. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

2) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагог-психологтары мен мұғалімдерінің еңбекақысын ұлғайтуға;

3) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

4) жұмысшы біліктіліктері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия мөлшерін ұлғайтуға;

5) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

6) білім берудің ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарының күрделі шығыстарына;

7) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге;

8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

9) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) қайта жаңғыртуға;

10) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

11) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

12) «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

13) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

14) жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;

15) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

16) газ тасымалдау жүйесін дамытуға;

17) алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын иелеріне өтеуге;

18) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

19) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

20) «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

21) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға.

Аталған трансферттер мен кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 882 862 мың теңге сомасында бекітілсін.

12. 2020 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні